



"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 қаңтар N 1

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық
салауаттылығы туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайды.

I тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісі - объектіні халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелерінің бекітілген нысанындағы құжат;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қадағалау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) азық-түлік шикізаты - тамақ өнімдерін дайындау үшін өсімдіктен, жануардан алынатын, микробиологиялық, минералды және жасанды түрдегі шикізат және п а й д а л а н ы л а т ы н с у ;

4) халықтың декреттелген тобы - қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін, басқа адамдарды жұқпалы және паразиттік аурулармен жұқтыру үшін мейлінше қауіп т ө н д і р е т і н а д а м д а р ;

5) адамның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар - тіршілік ету ортасының, оның факторларының адамға зиянды ықпалы жоқ кездегі жағдайы;

6) зиянды өндірістік фактор - оның ықпалы белгілі жағдайда жұмыс істеушінің кәсіби, уақытша немесе тұрақты еңбекке қабілеттілігінің төмендеуін тудыруы, соматикалық және жұқпалы аурулардың жиілігін арттыруы, денсаулығының бұзылуына әкелуі мүмкін орта мен еңбек процесінің факторы;

7) адамға зиянды ықпал - тіршілік ету ортасының адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп т ө н д і р е т і н ә с е р і ;

8) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау - халықтың денсаулығын сақтау мен тіршілік ету ортасын қорғау мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты анықтау, алдын алу жөніндегі қызметі;

9) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектісі - оларды пайдалану адам денсаулығының жай-күйіне және тіршілік ету ортасына зиян келтіруі мүмкін ғимараттар, құрылыстар, өнімдер, сондай-ақ өзге мұқаммалдар;

10) жұқпалы және паразиттік аурулар - туындауы мен таралуы тіршілік ету ортасының биологиялық факторларының оған ықпал етуімен түсіндірілетін адам с ы р қ а т т а р ы ;

11) улану - қоршаған ортаның химиялық, биологиялық және өзге де факторларының өткір немесе созылмалы ықпалы етуі кезінде туындайтын адам сырқаттары;

12) шектеу іс-шаралары (карантинді) - жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға бағытталған және шаруашылық пен өзге де қызметтің ерекше режимін көздейтін әкімшілік, медициналық-санитарлық, ветеринарлық және өзге де шаралар;

13) мерзімді медициналық қараулар - денсаулықтың жай-күйін өскелең қадағалауды қамтамасыз ету, аурудың бастапқы белгілерін уақытылы белгілеу мақсатында азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы орган белгілеген мерзімде жүргізілетін халықты қараулар;

14) алдын ала медициналық қараулар - жұмысқа алынатын адамдар денсаулығының

жай-күйін анықтау, жалпы және кәсіби аурулардың, жазатайым оқиғалардың, жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында оларды қарау;

15) дезинфекция, дезинсекция және дератизация - жұқпалы және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын, тұрмыстағы жәндіктер мен кеміргіштерді жоюға бағытталған өндірістік, тұрғын үй ғимараттарында, қоғамдық орындардың үй-жайларында және аумақтарда жүйелі түрде жүргізілетін шаралар кешені;

16) дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық қызмет көрсету - дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен препараттарын дайындауға, өндіруге, өңдеуге және көтерме сауда сатуға байланысты қызмет, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсету түрлері;

17) санитарлық паспорт - объектінің санитарлық-техникалық жағдайын көрсететін (растайтын) және оны пайдалануға немесе қолдануға құқық беретін құжат;

18) санитарлық-эпидемиологиялық нормалау - оларды орындаудан денсаулықтың сақталуына кепілдік берілетін және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы қамтамасыз етілетін адам тіршілік етуінің қауіпсіз жағдайының ғылыми негізделген нормативтерінен тұратын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдері мен арнаулы техникалық, санитарлық және әдістемелік нормативтердің жиынтығы;

19) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) - оларды сақтамау адам өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ аурулардың пайда болу мен таралу қаупі төнетін, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган белгілеген санитарлық-эпидемиологиялық талаптар (соның ішінде тіршілік ету ортасының адам үшін қауіпсіздік критерийі немесе зиянсыздық факторлары, гигиеналық және өзге де факторлар);

20) гигиеналық норматив - тіршілік ету ортасының кез-келген факторын адам үшін қауіпсіз және (немесе) зиянсыз айқындамасынан сипаттайтын көрсеткіштің зерттеулермен белгіленген шекті мөлшердегі барынша көп және (немесе) мейлінше аз сандық және сапалық мәні;

21) санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шаралар - тіршілік ету ортасы факторларының адамға зиянды ықпалын жоюға немесе азайтуға, жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болуына және таралуына, жаппай улануды болдырмауға және оларды жоюға бағытталған шаралар;

22) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы - қоршаған ортаның адамға зиянды ықпал ету факторлары жоқ кезде болатын халық денсаулығының жай-күйі;

23) санитарлық-эпидемиологиялық жағдай - белгілі аумақтағы халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның белгілі бір уақыттағы жай-күйі;

24) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды - тіршілік ету ортасы

факторларының, шаруашылық және өзге де қызметтің, өнімдердің, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің жоба құжаттамасының санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін куәландыратын құжат;

25) санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг - халық денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйін қадағалаудың, оларды талдаудың, бағалау мен болжаудың, сондай-ақ халық денсаулығының жай-күйі мен тіршілік ету ортасы факторларының ықпалы арасындағы себеп-салдарлық байланысты айқындаудың мемлекеттік жүйесі;

26) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама - өнімдердің, жұмыстардың, қызмет көрсетулер мен шаруашылық объектілерінің және өзге қызметтердің санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін анықтау мақсаты бар микробиологиялық, паразитологиялық, санитарлық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық зерттеулер мен физикалық факторлар өлшемдерінің кешені;

27) адамның тіршілік ету ортасы (бұдан әрі - тіршілік ету ортасы) - табиғи, антропогендік және әлеуметтік факторлардың, адамның тіршілік ету жағдайын белгілейтін ортаның (табиғи және жасанды) жиынтығы;

28) тіршілік ету ортасының факторлары - адамның және/немесе келешек ұрпақ денсаулығының жай-күйіне ықпал ететін немесе ықпал ете алатын биологиялық, химиялық, физикалық, әлеуметтік және өзге де тіршілік ету ортасының факторлары;

29) індет - науқастанудың әдетте тіркелетін деңгейінен елеулі артатын жұқпалы аурулардың жаппай таралуы.

2-бап. Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы заңнамасы

1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен осы Заңда бар ережелер емес басқа ережелер белгіленген болса, көрсетілген шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету принциптері

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету принциптері:

1) ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық және тәрбиелік сипаттағы

шаралар кешенін жүргізумен қамтамасыз етілетін азаматтардың денсаулығын сақтау, қолайлы тіршілік ету ортасына және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылыққа құқығы мен міндеттемелерін іске асыру;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша қызметтің алдын алу сипаты, тіршілік ету ортасының халық денсаулығына зиянды ықпал ету факторларының алдын алу;

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы жариялылық;

4) санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларды орындау мен жеке және заңды тұлғалардың санитарлық-эпидемиологиялық заңнаманы міндетті түрде сақтауы;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ететін іс-шаралардың ғылыми-практикалық негізділігі;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңын бұзғаны үшін жауапкершілік болып табылады.

4-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық және індетке қарсы нормативтік кесімдер

1. Халықтың құқықтары мен бостандығына қатысты санитарлық ережелер Қазақстан Республикасының ресми басылымдары мен азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органның арнаулы басылымында жарияланады.

2. Санитарлық ережелерді, гигиеналық нормативтерді белгілейтін кесімдер Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің тікелей қарауында және оларды басқа министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың кесімдерінде пайдалану Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерімен келісілуі қажет.

2 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҚ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

5-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі

1. Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары кіретін біртұтас жүйе болып табылады.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына мыналар жатады:

- 1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, оның көліктегі аумақтық бөлімшелері;
 - 2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдар;
 - 3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар құратын өзге де органдар;
2. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметке кіретін ұйымдар:
- 1) Қазақ республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы;
 - 2) аумақтардағы, көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме, санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік мекеме;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу ұйымдар болып табылады.

6-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарын қаржылық қамтамасыз ету

1. Республикалық бюджеттен мыналар қаржыландырылады:
 - 1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган;
 - 2) көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар;
 - 3) Қазақ республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы;
 - 4) көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер;
 - 5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар құратын өзге де органдары;
 - 6) санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер.
2. Жергілікті бюджеттен мыналар қаржыландырылады:
 - 1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдар;
 - 2) аумақтардағы санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер.
3. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік

мекемелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ақылы жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындағаны үшін алынған қаражат есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

4. Индетке қарсы күрес мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттерде арнаулы қаржы қаражаты көзделеді.

7-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) науқастандың алдын алу мен адам тіршілік етуіне қолайлы ортаны құру бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) мемлекеттік шекараға жұқпалы және паразиттік аурулардың әкелінуіне және таралуына санитарлық-карантинді бақылауды жүзеге асырудың тәртібін белгілейді;

4) Қазақстан Республикасы аумағында індет пайда болған кезде халықтың өмір сүруінің және шаруашылықты жүргізу қызметінің ерекше жағдайы мен режимін белгілейді;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында уәкілетті мемлекеттік органды белгілейді.

8-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органының құзыреті

Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы о р г а н ы :

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында халық денсаулығын сақтаудың бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізеді;

2) салааралық үйлестіруді, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік, мақсатты және кешенді бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге

а с ы р а д ы ;

3) санитарлық-эпидемиологиялық қызметті дамыту жөніндегі шараларды а й қ ы н д а й д ы ;

4) санитарлық-эпидемиологиялық қызметті материалдық-техникалық, иммунобиологиялық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

5) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензияланатын қызмет түрлеріне лицензия береді.

9-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті органының құзыреті

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді бекітеді;

3) басқа мемлекеттік органдардың адам денсаулығына тікелей немесе жанама әсер ету мәселелері бөлігіндегі техникалық нормативтерін келісіледі;

4) халықтың науқастануы мен тіршілік ету ортасының факторлары мемлекеттік мониторинг бойынша жұмысты ұйымдастырады;

5) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарының қызметін ү й л е с т і р е д і ;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

7) жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен тіршілік ету ортасының гигиеналық өлшемдеріне мемлекеттік мониторингтің көлемін, құрылымы мен жүргізу тәртібін б е л г і л е й д і ;

10-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Жергілікті атқарушы органдар:

1) жергілікті бюджетті әзірлейді және аурулардың алдын алу мен

санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі аймақтық бағдарламаларды іске асыру шығыстары бөлігінде олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) халық денсаулығын сақтау мен тіршілік ету ортасын жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі шешімдерді қабылдайды.

11-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет функциялары

1. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының функциялары:

1) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

2) аумақты жұқпалы, паразиттік аурулардың келуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

3) санитарлық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, әдістемелік нұсқаулар мен нұсқаулықтарды, есеп беру мен есепке алу нысандарын және оларды белгілеу тәртібін, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлейді;

4) өз құзыреті шегінде жұқпалы, паразиттік аурулар кезінде санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды мемлекеттік органдардың қарауына енгізеді;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

7) санитарлық-эпидемиологиялық мониторингті жүзеге асырады, есеп пен статистиканы жүргізеді;

8) халықтың декреттелген тобына санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді оқытуды ұйымдастырады және салауатты өмір салтын қалыптастыруға қатысады;

9) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу және өзге де ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

10) дезинфекцияны, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастырады;

11) алдын алу (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялайтын) препараттарын сатып алуларды, сақтауды, тасымалдау мен пайдалануды ұйымдастырады;

12) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарына,

кадрларды даярлауға тапсырыс жасайды;

13) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің зертханаларын жұмысқа тиесілі келісімін бере отырып, санитарлық ережелерге сәйкестігіне аттестациялауды және сынақ орталықтары мен зертханаларын тіркеуді жүргізеді;

14) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің жобалау нормаларын, мемлекеттік стандарттарды, зертханалық бақылау әдістерін, білім беру мекемелеріндегі оқу бағдарламалары мен оқу-еңбек жүктемелерін келісіледі;

15) дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық қызмет көрсетулерге лицензиялар береді;

16) тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суын, химиялық, уытты және радиациялық заттарды және адамдарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарын (қоғамдық көлік) аталған көлік құралдарының санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігі мәнінде пайдалануды келісіледі;

17) басқа мемлекеттік органдармен және мекемелермен халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бөлігіндегі өзара іс-қимылды жасайды;

18) қоршаған орта мен халық денсаулығын сақтаудың, эпидемиологияның, микробиологияның, диагностиканың, емдеудің және жұқпалы, паразиттік аурулардың алдын алудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми және практикалық зерттеулер жүргізеді.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының функциялары:

1) жұқпалы және паразиттік аурулардың диагностикасына қатысады;

2) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік алаңдар мен тіршілік ету ортасының өзге де факторларының өлшемін орындайды;

3) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің зертханаларын жұмысқа тиесілі келісімін бере отырып, санитарлық ережелерге сәйкестігіне аттестациялауды және сынақ орталықтары мен зертханаларын тіркеуді жүргізеді;

4) зертханалық зерттеулер мен өлшемдердің жаңа аспаптары мен құрал-жабдықтарын, әдістемелерін сынақтан өткізеді және енгізеді;

5) шарттық негізде азаматтар мен заңды тұлғалардың арызы бойынша сертификатталған зерттеулер мен сараптаманы жүргізуге қатысады;

6) дезинфекциялық іс-шараларды жүргізеді;

7) санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүргізеді;

8) алдын алу (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялайтын) препараттарды сатып алулар жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды, нормативтік-конкурстық және тендерлік құжаттамаларды әзірлеуге қатысады.

12-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар

1. Осы Заңға сәйкес мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің лауазымды тұлғалары:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган басшысы - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган басшысының орынбасары - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің орынбасары;

3) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдардың басшылары мен олардың орынбасарлары - аумақтың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері мен олардың орынбасарлары;

4) көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдардың басшылары мен олардың орынбасарлары - көліктегі Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері мен олардың орынбасарлары;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар құратын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының басшылары - Бас санитарлық дәрігерлер;

б) құрылымдық бөлімшелер басшылары мен олардың орынбасарлары, аталған қызмет органдарының мамандары.

2. Аумақтағы және көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары басшыларының қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық бейіндегі арнаулы жоғары медициналық білімі бар азаматтар тағайындалады.

13-бап. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлер

1. Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігері:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) санитарлық-эпидемиологиялық қызметті үйлестіреді;

3) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары орындау үшін міндетті бұйрықтарды шығарады;

4) Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық жеке және заңды тұлғалар

орындау үшін міндетті халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы шешімін шығарады;

5) жеке және заңды тұлғаларға көрсетілген мерзімде атқару үшін міндетті халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы н ұ с қ а м а л а р д ы б е р е д і ;

б) орталық атқарушы орган бекітетін жобалау нормаларының, мемлекеттік стандарттардың, құрылыс нормалары мен ережелерінің; ветеринарлық және фитосанитарлық ережелердің; еңбекті қорғау ережелерінің; қоршаған табиғи ортаны қорғау ережелерінің; білім беру стандарттарының; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бағдарламаларының өзге де нормативтік кесімдерінің жобалары санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды береді;

7) санитарлық ережелерді, нормативтік және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарының қызметін реттейтін өзге де құжаттарды, сондай-ақ өлшемдердің орындалу әдістері мен әдістемелерін және өлшеу құралдарының түрін бекітеді;

8) көрсетілген органдар бекіткен осы баптың б) тармақшасында қарастырылған құжаттарды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамаға сәйкес келтіру туралы ұсынысты орталық атқарушы органдарға енгізеді;

9) Қазақстан Республикасы аумағына шектеу іс-шараларын (карантинді) кіргізу (жол бермеу) туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы орган басшысының бірінші орынбасары болып табылады және оны азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы орган басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

3. Облыстардың, республикалық маңызды қалалар мен астананың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің келісілуі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

4. Облыстардың, республикалық маңызды қалалар мен астананың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері өз құзыреттерінің шегінде тиесілі аумақта осы баптың 1-тармағының 1), б) тармақшаларында көрсетілген функцияларды жүзеге асырады.

14-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының лауазымды тұлғаларының құқықтары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және оларға жүктелген функцияларға сәйкес мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың мынадай құқықтары бар:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен санитарлық ережелердің, гигиеналық нормативтердің сақталуы мен олардың орындалуын тексеру мақсатында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілеріне бару;

2) азаматтар мен заңды тұлғаларға санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді бұзушылықты жою, санитарлық-індетке қарсы іс-шараларды жүргізу туралы талаптарды қою;

3) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органынан, жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпарат сұрату және алу;

4) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы оның санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы жоқ, Қазақстан Республикасы аумағына халыққа сатуға, сондай-ақ өнеркәсіпте, ауылшаруашылығында, азаматтық құрылыста, көлікте қолдануға арналған өнімдерді немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген адам үшін ықтимал қауіпті химиялық, биологиялық, уытты, радиоактивтік заттарды, жекелеген өнім, қалдық, тауар мен жүк түрлерін әкелуге тыйым салу;

5) жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын қоғамдық көлік құралдарының, азық-түлік шикізатын, тамақ өнімдерін, шаруашылық-ауыз суды, химиялық, уытты және радиациялық заттарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көліктің санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін белгілеу;

6) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді бұзудың салдарлары туралы ескерту;

7) белгіленген мерзімдерде:

елді мекендер құрылысы, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерді орналастыруды, салуды және қайта құруды жоспарлау;

жер асты қойнауын пайдалану, санитарлық-қорғау аймақтарының, суды пайдалану мен сарқынды суларды бөліп тастау, уытты, радиоактивтік және өзге де зиянды заттарды пайдаға асыру мен көму шарттары;

шикізаттың жаңа түрлерінің, технологиялық жабдықтың, тамақ өнімдері өндірісі процестерінің, азық-түлік шикізаттың, өнеркәсіп бұйымдарының, құрылыс материалдарының, иондандырушы сәулелену көздерінің, химиялық заттар мен өнімдердің, биологиялық, дәрі-дәрмектік, дезинфекциялайтын, дезинсекциялайтын және дератизациялайтын құралдардың және азық-түлік шикізатымен, тамақ өнімдерімен және ауызсуымен жанасатын орағыш және полимерлік материалдардың, парфюмерлік-косметикалық және өзге де халық тұтынатын тауарлардың, медициналық

иммунобиологиялық препараттардың, сайман-жабдықтардың, аспаптар мен жұмыс құралдарының стандарттары мен техникалық шарттарының жобалары бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыны қарау және беру;

8) мемлекеттік шекараны аса қауіпті, карантинді және өзге де жұқпалы ауруларды әкелу мен таратудан санитарлық қорғау жөніндегі бақылау функцияларын жүзеге асыру ;

9) білім беру ұйымдарында оқу-еңбек жүктемелері мен режимдері жөніндегі қорытындыларды қарау және беру ;

10) санитарлық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыруды даярлау жөніндегі оқыту бағдарламаларын (оқу бағдарламаларын) келісілу;

11) Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық заңын, санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді бұзу фактілерін қарау үшін лауазымды тұлғалар мен азаматтарды санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына шақыру ;

12) жұқпалы және паразиттік ауруларды таратушы болып табылатын адамдарды уақытша жұмысынан босатуды ұсыну ;

13) жекелеген объектілерде шектеу іс-шараларын (карантин) белгілеу;

14) жұқпалы және паразиттік ауруларды әлеуетті таратушы болып табылатын, сондай-ақ жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен жанасып жүрген адамдарды медициналық тексеруге жіберу ;

15) жұқпалы және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарды, айналасындағыларға қауіп төндіретін бактерия таратушыларды міндетті түрде ауруханаға жатқызуға жіберу ;

16) халыққа міндетті түрде вакцинация жасауды, аумақтарда және жұқпалы және паразиттік аурулар ошақтарында алдын алу және ошақтық дезинфекция, дезинсекция мен дератизация жүргізуді талап ету ;

17) санитарлық ережелердің бұзылуын жойғанға дейін өнеркәсіптің, көліктің, ауылшаруашылығының, байланыстың жұмыс істеп тұрған өндірістік, салынып жатқан немесе қайта құрылып жатқан объектілерін, бөлек жұмыс түрлерін, технологиялық процестерді, жабдықтарды, құралдарды, гидротехникалық құрылыстарды, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын, сауда және өзге де құрылыстарды, мектептерді, балалар мен емдеу-алдын алу мекемелерін, санаторийлерді, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттар мен өзге де объектілерді пайдалануды, заңнамада белгіленген тәртіппен қалалық және селолық елді мекендердің құрылысы бойынша бөлек жұмыс түрлерін жүргізуді тоқтата тұру ;

18) адам өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған кезде заңнамада белгіленген тәртіппен шикізаттың жана түрлерін, технологиялық құрал-жабдықтарды, процестерді, сайман-жабдықтарды, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін, өнеркәсіп бұйымдарын, құрылыс материалдарын, азық-түлік шикізатымен, тамақ өнімдерімен

және ауызсуымен жанасатын иондандырушы сәулелену көздерін, биологиялық және дәрі-дәрмек құралдары мен препараттарды, ыдыстарды, қаттамаларды, пластикалық, полимерлік және өзге материалдарды, олардан жасалған бұйымдарды, халық кеңінен тұтынатын басқа да тауарларды өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу;

19) белгіленген тәртіппен тіркелмеген химиялық заттарды, иондандырушы сәулелену көздерін, медициналық және биологиялық препараттарды өндіруге, пайдалануға және қолдануға заңнамада белгіленген тәртіппен тыйым салу;

20) адам денсаулығына зиянды әсері анықталған жағдайда шаруашылық-ауыз суын жабдықтауда, тағам өнімдерін өндіру және өңдеу кезінде материалдар мен реагенттерді қолдануға, сондай-ақ ауылшаруашылық өсімдіктері мен жануарларын өсіру стимуляторларын, парфюмерлік-косметикалық өнімдерді қолдануға тыйым салу;

21) қолдануға жарамсыз деп танылған жағдайда ауызсуы мен сумен жабдықтау шаруашылығында суды, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін пайдалануға тыйым салу ;

22) санитарлық заңнаманы бұзушылық туралы материалдар мен істерді қарау және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік ықпал ету шараларын қ а б ы л д а у ;

23) халықтың декреттелген тобын санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді білуіне аттестациялауды жүргізу;

24) жеке және заңды тұлғалар санитарлық-эпидемиологиялық заңның талаптарын орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және оның негізінде сотқа беру;

25) эпидемиологиялық көрсеткіштер мен санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды реттеу бойынша халықтың жекелеген тобына санитарлық-жұқпалы ауруларға қарсы іс-шараларды, алдын алу егулерін жүргізуді ұсыну;

26) эпидемиологиялық көрсеткіштер мен санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды реттеу бойынша халықтың жекелеген тобына санитарлық-жұқпалы ауруларға қарсы іс-шараларды, алдын алу егулерін жүргізу жөніндегі шешімдерін қабылдау.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгендермен қатар аумақтардың және көліктегі Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері өз құзыреттерінің шегінде және тиесілі а у м а қ т а , к ө л і к т е :

1) санитарлық-эпидемиологиялық қызметті үйлестіреді;

2) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары орындау үшін міндетті б ұ й р ы қ т а р д ы шығарады ;

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы жеке және заңды тұлғалар орындау үшін міндетті шешімдерді шығарады;

4) көрсетілген мерзімде жеке және заңды тұлғаларға орындау үшін міндетті н ұ с қ а м а л а р д ы б е р е д і ;

5) тиесілі атқарушы органдарға көрсетілген органдар бекіткен құжаттарды

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамаға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізеді;

б) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыларды береді.

15-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғаларының міндеттері

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғалары:

- 1) мемлекеттік орталық және жергілікті басқару органдарына санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың асқынуы, санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді бұзушылықтар туралы ақпарат беруіне;
- 2) кәсіби уланулар мен науқастанулардың, жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болу себебі мен жағдайын анықтауға және талдау жасауға;
- 3) жұқпалы және паразиттік аурулардың ошақтарында санитарлық-індетке қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға;
- 4) халықты иммунитетпен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 5) халыққа қоршаған ортаның санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы және оның адам денсаулығына әсері туралы, қолданыстағы санитарлық ережелер туралы ақпарат беруге;
- 6) медициналық және гигиеналық білімді, салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттауға қатысуға;
- 7) азаматтардың, лауазымды және заңды тұлғалардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі арыздарын қарауға;
- 8) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша өз қызметін мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасаумен жүзеге асыруға;
- 9) өзінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде жария болған ақпаратқа қатысты дәрігерлік құпияны сақтауға міндетті.

16-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың кесімдерінің орындалу міндеттілігі

1. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың қаулыларының, нұсқамаларының, кесімдерінің, хаттамаларының шешімдері мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, жеке

және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

2. Нұсқамалардың шешімдерін орындамаған кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

17-бап. Лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне шағымдану

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғаларының

іс-әрекетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағымдануға болады.

18-бап. Адамға зиянды ықпал ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу

1. Адамға зиянды ықпал ететін өнімдер мен заттардың мынадай жекелеген түрлері санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады:

1) халық үшін әлеуетті қауіп төндіретін, өндіріске алғашқы рет енгізілген және бұрын пайдаланылмаған заттар және олардың негізінде дайындалған материалдар мен препараттар (бұдан әрі - заттар);

2) Қазақстан Республикасының аумағына алғашқы рет әкелінген, сумен және тағам өнімдерімен жанасатын тағам қосымшалары, бояғыштар, бұйымдар мен материалдар.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген заттар мен жекелеген өнім түрлерін мемлекеттік тіркеу:

1) халық пен тіршілік ету ортасы үшін қауіптілігін заттар мен жекелеген өнім түрлерінің сараптамалық бағалау;

2) заттардың, өнімдердің жекелеген компоненттері құрамының гигиеналық және өзге де нормативтерге сәйкестігін белгілеу;

3) заттар мен жекелеген өнім түрлерінің халық пен қоршаған ортаға зиянды ықпалын болдырмау жөніндегі арнаулы шаралары, соның ішінде оларды пайдаға асыру мен жою жағдайын әзірлеу негізінде жүргізіледі.

3. Осы баптың 1, 2-тармағында көрсетілген заттар мен жекелеген өнім түрлерін мемлекеттік тіркеу халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасында қолданылуға рұқсат берілген заттар мен

өнімдердің тізілімі жарияланатын болады.

19-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын ақпараттық қамтамасыз ету

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын ақпараттық қамтамасыз етуді санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мемлекеттік және салалық есеп мен есеп беру нысандарының, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен мекемелерінің сұрауы бойынша жеке және заңды тұлға беретін ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

3 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҚ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20-бап. Жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

1. Жеке тұлғалардың мынадай құқықтары бар:

- 1) адамның және оның келешек денсаулығының ұрпағының жай-күйіне теріс ықпал етпейтін факторлары бар қолайлы тіршілік ету ортасына;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық ахуал туралы уақытылы шынайы ақпарат алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

2. Жеке тұлғалардың міндеттері:

- 1) өзінің және айналасындағы адамдардың денсаулығы, өз балаларына гигиеналық тәрбие беру және салауатты өмір сүруге үйрету туралы қамқорлық жасау;
- 2) басқа азаматтардың денсаулығын сақтау мен қолайлы тіршілік ету ортасына құқығын бұзушылықты болдыратын іс-әрекеттерді жүзеге асырмау;
- 3) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнаманы сақтау.

21-бап. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы аумағындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мынадай құқықтары бар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумақтың, объектінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы уақытылы шынайы ақпарат алуына;
- 2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік басқару органдарының, лауазымды тұлғаларының заңға сай емес іс-әрекеттеріне арызбен және ұсыныспен мемлекеттік органдар мен ұйымдарға б а р у ғ а ;

4) санитарлық ережелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тексеріс жүргізу жөнінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелеріне б а р у ғ а .

2. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер, олардың жүзеге асыратын қызметіне с ә й к е с :

1) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың кесімдерінің, нұсқамалары мен санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыларының т а л а п т а р ы н о р ы н д а у ғ а ;

2) орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, өнімдерді өндіру, тасымалдау, сақтау және халыққа сату кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

3) өз құзыреті шегінде өндірістік бақылау жасауды, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтарды жүргізуге, жұмысты орындау мен қызметті көрсеткен кезде , сондай-ақ өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау және сату кезінде санитарлық ережелердің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде лицензияланатын қызмет түрлеріне санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен к е л і с і м і б о л у ғ а ;

5) жаппай әрі топталған жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен кәсіби уланулар пайда болған жағдайда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына қауіп төндіретін авариялық жағдай, өндірісті тоқтату, технологиялық процестерді бұзушылықтар туралы халықты, жергілікті атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметін уақытылы хабардар етуге;

б) қызметкерлерді кәсіби және гигиеналық оқытуды қамтамасыз етуге және кәсіби даяр мамандардың жұмыс істеуіне рұқсат беруге;

7) зертханалық зерттеулерді жүргізу үшін өнімді, шикізатты, тауарларды, өндірістік органы сынаққа алуға іріктеуді жүргізу мүмкіндігін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғаларына беруге;

8) халықтың декреттелген тобынан шыққан адамдарды, жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарды және әр түрлі ауру көздерін таратушыларды, сондай-ақ алдын ала және мерзімді медициналық қараулардан өтпегендерді жұмысқа жібермеуге және ж ұ м ы с т а н б о с а т у ғ а ;

9) тауарлардың, өнімдердің, шикізаттардың санитарлық ережелерге, гигиеналық нормативтерге сәйкес еместігі анықталған кезде оны сатуға рұқсат бермеуге және пайдалануға немесе пайдаға асыру мүмкіндігі мәселелерін шешуге міндетті.

22-бап. Өндірістік бақылау

1. Өндірістік бақылауды өндірісте және өзге де өндірістік-шаруашылық қызмет саласында жұмыс істейтін адамдар жүргізеді және ол өнімді өндіру, сақтау, тасымалдау мен сату, жұмыстарды орындау мен қызмет көрсету процесінде санитарлық ережелердің сақталуы мен санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларының орындалуына зертханалық зерттеулер мен сынақтарды жүргізуді қамтиды.

2. Өндірістік бақылау жасау санитарлық ережелермен және мемлекеттік стандарттармен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Өндірістік зертханалар өз қызметін санитарлық ережелер мен мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүзеге асыруға м і н д е т т і .

3. Өндірістік бақылау жасауды жүзеге асыратын адамдар оның уақытылы, толық және шынайы жүзеге асырылуына жауапты болады.

23-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

Санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер мыналарға санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді:

- 1) үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын ұстауға және пайдалануға;
- 2) құрылыс салуға жер учаскесін таңдауға;
- 3) объектілерді жобалауға, салуға және пайдалануға қосуға;
- 4) өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерге;
- 5) жеке және тұрмыстық мұқтаждықтарға арналған тауарларға және оларды өндіру технологияларына;
- 6) тамақ өнімдеріне, оларды өндіруге, тасымалдауға, сақтауға және сатуға;
- 7) Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін өнімдерге;
- 8) халықтың тамақтануын ұйымдастыруға;
- 9) химиялық заттарды, биологиялық және дәрі-дәрмек құралдары мен материалдарды қолдануға;
- 10) шаруашылық-ауыз суымен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық суды пайдалану орындарына;
- 11) қалалық және селолық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдардың аумақтарындағы атмосфералық ауаға, өндірістік, тұрғын үй мен басқа да үй-жайлардың ауасына;
- 12) топыраққа, қалалық және селолық елді мекендерді, өнеркәсіптік

аландарды ұстауға;

13) өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге;

14) өндірістік, қоғамдық тұрғын үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарды, құрал-жабдықтар мен көлікті пайдалануға;

15) еңбек жағдайына;

16) биологиялық заттармен, биологиялық және микробиологиялық ағзалармен және олардың уыттарымен жұмыс істеу жағдайына;

17) адамға ықпал етудің физикалық факторларының көздерімен жұмыс істеу жағдайына;

18) балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, оқыту және өндірістік практика жағдайына;

19) халықты гигиеналық тәрбиелеуге және оқытуға;

20) көлік құралдарына және жолаушыларды тасымалдау жағдайына;

21) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

22) шикізаттың жаңа түрлеріне, техникалық құрал-жабдықтар мен процестерге, құрал-саймандарға, азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдеріне, құрылыс материалдарына, иондандырушы сәулелердің көздеріне, ыдыстарға, химиялық, биологиялық және дәрілік заттарға, буып қаттайтын орағыштар мен полимерлік материалдарға, парфюмерлік-косметикалық, полиграфиялық өнімге және басқа да халық тұтынатын тауарларға әзірленген нормативтік-техникалық құжаттамаларға (стандарттар, техникалық шарттар, рецептер).

4 ТАРАУ. САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

24-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғалары санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыны өз тексерістерінің және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың негізінде береді.

25-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілетін объектілер

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды:

- Атом энергетикасы мен өнеркәсібі, ғарыш қызметінің және пайдалы қазбаларды

пайдалану объектілерін, курорттық аймақ объектілерін және тіршілік ету ортасына таратылатын химиялық және биологиялық заттардың, физикалық факторлардың қалдықтары бар объектілерді орналастыруға.

- Экологиялық зілзала аймақтарындағы объектілерді және баламалары жоқ жаңа технологиялық процестері бар объектілерді орналастыруға, қайта құру мен кеңейтуге.

- Қалалар мен селолық елді мекендер құрылысының өндірістік күштерін, бас жоспарларын, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілердің техникалық-экономикалық негіздемелерін, салу мен қайта құрудың жобаларын орналастыруға.

- Функционалдық бейінінің (мақсатының) ауысуымен қайта құрылатын болжамды құрылыстар немесе объектілер учаскесінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы туралы материалдарға.

- Рұқсат етілген шекте зиянды заттарды атмосфералық ауада тарату мен су қоймаларына тастауға, басқада физикалық факторларға:

санитарлық қорғалатын аймақтар мен санитарлық қорғау аймақтарының қоршаған ортаға әсерін бағалаудың, геологиялық ізденістердің;

шикізатқа, өнімдерге, тауарларға, бұйымдарға, заттарға, тетіктерге, машиналарға, құрал-жабдықтарға, технологияларға, құрылыс материалдарына, сондай-ақ оқытудың, тәрбиелеудің, тәнді дамытудың, еңбек етудің, тамақтанудың, сумен жабдықтаудың, халықтың әр түрлі тобына медициналық қызмет көрсетудің регламенттелетін режимінің техникалық-экономикалық негіздемелер, жобалар мен басқа да нормативтік құжаттарына;

Уытты, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, қолдану шарттарына.

- Оқыту, тәрбиелеу, тәнді дамыту, еңбек ету, өмір сүру, демалу, тамақтану, сумен жабдықтау мен халықтың әр түрлі топтарына медициналық қызмет көрсету шарттарына.

- Өнімдерді, тауарларды, бұйымдарды өндіру, оларды тасымалдау, сақтау, сату шарттарына, сондай-ақ жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындауға.

- Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды, халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын материалдарға, кәсіби, жұқпалы аурулар мен тамақтан уланулар туралы мәліметтерге.

- Топыраққа, су қоймаларына және атмосфералық ауаға химиялық және биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық және пестицидтік салмақ түсіру жөніндегі материалдарға.

- Жаңа өнімдерге, технологияларға.

- Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдеріне, ауызсуына, құрылыс материалдарына, халық тұтынатын тауарларға.

- Жобаланған, салынып жатқан және пайдаланылып отырған өнеркәсіптік және

азаматтық мақсаттағы өнеркәсіп бұйымдары мен көлікке, сондай-ақ ықтимал қауіпті және (немесе) халық денсаулығы үшін маңызды өзге де объектілерге беріледі.

26-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады, оны санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелері жүргізеді және мынадай міндеттерді шешеді:

- 1) тіршілік ету ортасы объектілерінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға, халық денсаулығына әсерін кешенді бағалау;
- 2) адамдардың жұқпалы, паразиттік сырқаттануының және улануының себептері мен жағдайларын зерттеу;
- 3) шаруашылық немесе өзге қызмет процесінде қабылданған шешімдердің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін бағалау.

27-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүргізу

1. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғасының тапсырмасы және жеке және заңды тұлғалардың арызы бойынша жүргізіледі.

2. Сараптаманы жүргізу үшін тапсырыс беруші қаржыландыруды, соның ішінде қажеттілігі сараптау барысында анықталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруды қамтамасыз етеді және қажетті құжаттаманы ұсынады.

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы қаржыландырудың тәртібі мен негізін жеке және заңды тұлғалардың арыздары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүргізудің тәртібін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүргізетін Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мекемелері олардың сапасы мен объективтілігіне жауапты болады.

5 ТАРАУ. ИНДЕТКЕ ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

28-бап. Жұқпалы, паразиттік аурулардың таралуының және адамдардың улануының алдын алу

1. Жұқпалы, паразиттік аурулар мен уланулардың пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында санитарлық ережелермен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен көзделген санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шаралар, соның ішінде Қазақстан Республикасы аумағын санитарлық қорғауды жүзеге асыру, шектеу іс-шараларын (карантинді) енгізу, өндірістік бақылау жасауды, жұқпалы және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарға қатысты шараларды жүзеге асыру, азаматтарды медициналық қарауды, алдын алу егулерді, гигиеналық тәрбие беру мен оқытуды жүргізу жөніндегі іс - ш а р л а р жү р г і з і л е д і .

2. Санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шаралар әзірленіп отырған аумақтарды дамыту, халық денсаулығын сақтау мен нығайту, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бағдарламаларына, сондай-ақ осы саланың аймақтық бағдарламаларына енгізілетін болады.

3. Санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларды міндетті түрде жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар олардың жүзеге асырып отырған қызметіне сәйкес жү р г і з е д і .

4. Жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен жұқпалы, паразиттік аурулармен ауырады деп күдік туғызатын адамдар және бактерия таратушылар оқшауландырылуға және емделуге жатады, олармен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық қадағалауға алынады және қажет болған кезде оқшауландырылады және е м д е л е д і .

5. Айналасындағылар үшін қауіп төндіретін созылмалы жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен бойында созылмалы бактериясы барлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысынан босатылады.

29-бап. Қазақстан Республикасы аумағын санитарлық қорғау

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде халық денсаулығына қауіп төндіретін жолаушыларға, экипаждарға, жол жүру бригадаларына, көлік құралдарына, жүктерге санитарлық-эпидемиологиялық бақылау ж а с а у жү з е г е а с ы р ы л у ы қ а ж е т .

2. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің санитарлық-карантиндік п у н к т т е р і жү р г і з е д і .

3. Санитарлық-карантиндік пункттердің жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

30-бап. Алдын алу егулерді жүргізудің міндеттілігі

1. Қазақстан Республикасы аумағындағы жеке тұлғалар жұқпалы және паразиттік ауруларға қарсы алдын алу егулерін республикалық бюджет қаражаты есебінен алуға м і н д е т т і .

2. Оларға қарсы алдын алу егулер жүргізілетін науқастанулардың тізбесін, оларды жүргізудің мерзімі мен жоспарлы егулер жасалатын халық топтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

31-бап. Медициналық қараулардың міндеттілігі

1. Халық денсаулығын сақтау, жұқпалы және паразиттік ауруларды болдырмау, кәсіби науқастанулар мен уланулардың, жазатайым оқиғалардың алдын алу, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдар меншік нысанына қарамастан, әр түрлі шаруашылық және/немесе өндірістік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар алдын ала, мерзімдік және алдын алу медициналық қараулардан, арнайы медициналық тексерулерден өтеді.

2. Декреттелген халықты міндетті түрде медициналық қарауларды жүргізудің және оларды жұмысқа жіберудің тәртібі мен мерзімділігін азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы белгілейді.

3. Алдын ала және мерзімді, алдын алу медициналық қараулар міндетті түрде жүргізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы белгілейді.

4. Өндіріс пен шаруашылық қызмет саласында жұмыс істейтін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер өзінің қарамағындағы қызметкерлердің уақытылы медициналық қараулардан өтуін және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша медициналық қараулардан өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Өндіріс пен шаруашылық қызмет саласында жұмыс істейтін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер алдын ала немесе мерзімді, алдын алу медициналық қараулардан өтпеген немесе денсаулығының жағдайы бойынша жұмысқа жарамсыз деп танылған адамдарды жұмысқа жібермейді.

6. Медициналық қараулардан өту туралы деректер жеке медициналық құжаттамаға енгізіледі және емдеу-алдын алу ұйымдарының есебіне алынады.

32-бап. Жұқпалы аурулар індеті пайда болу қаупі төнген жағдайда шектеу іс-шараларын (карантин) енгізудің шарттары

1. Жұқпалы және паразиттік аурулар енудің және таралудың қаупі болған жағдайда осы Заңға уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және жекелеген аумақтарда шаруашылық қызметі мен халық өмірінің айрықша шарттарымен шектеу іс-шараларын (карантин) енгізеді.

2. Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, жеке кәсіпкерлердің, заңды, лауазымды тұлғалардың және өзге де адамдардың қызметін үйлестіру бойынша оралымды басшылық жасау арнайы құрылған індетке қарсы республикалық және аумақтық төтенше комиссияларға жүктеледі.

3. Жекелеген объектілерге шектеу іс-шараларын (карантин) аумақтың (көліктегі) Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері немесе оның орынбасарлары енгізеді (бас тартады)

4. Шектеу іс-шараларын (карантин) жүзеге асырудың және олардың пайда болу мен таралу қаупі болған кезде шектеу іс-шаралары (карантин) енгізілетін жұқпалы аурулар тізбесінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

33-бап. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен улану жағдайларын тіркеу және тексеру

1. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулардың әрбір жағдайын, олардың анықталу орны бойынша денсаулық сақтау ұйымдары, мемлекеттік есебі мен есеп беруі бойынша Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары тіркеуге алады. Аталған аурулар мен уланулардың мемлекеттік есебін жүргізу тәртібін, сондай-ақ олар бойынша есеп беруді жүргізу тәртібін азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы белгілейді.

2. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандары жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулардың және адамдардың улану жағдайларына тексеру жүргізеді.

34-бап. Дезинфекция, дератизация мен дезинсекция іс-шаралары

1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болуының, таралуының алдын алу мақсатында заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер өз қаражаты есебінен эпидемиологиялық көрсеткіштер мен мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының нұсқамалары бойынша дезинфекция, дератизация мен

дезинсекция іс-шараларын жүргізуге міндетті.

2. Төтенше індет жағдайлары пайда болған кезде

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының ұсынысымен кезектен тыс міндетті дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық шараларды жүргізуге міндетті.

3. Ауру тарату көздеріне Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық мекемелері медициналық ұйымдардың күшімен ордалық дезинфекция жүргізеді.

35-бап. Қазақстан Республикасы санитарлық Заңының
бұзылуына орай жауаптылық

Санитарлық ережелер мен аталмыш Заңды бұзушы жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік ұйымдар мен олардың лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.